




Y. T. Қөшкімбаева
Ә. С. Ақтымбаева



ТУРИЗМ



Оқу құралы



Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
география және табигатты пайдалану факультетінің
Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баста кеңесі шешімімен ұсынылған

Пікір жазғандар:

география ғылымдарының кандидаты, доцент **A.C. Бейсембинова**
география ғылымдарының кандидаты, доцент **Б.І. Ақтымбаева**
география ғылымдарының кандидаты, доцент **А.Е. Молдагалиева**

Көшкімбаева Ү.Т., Ақтымбаева Ә.С.

К 72 Туризм инфрақұрылымы: оку құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 208 б.

ISBN 978-601-247-419-0

Берілген оку құралы туризм мамандығында оқытын студенттерге арналған. Оку құралы 050902 «Туризм» мамандығы жоспарындағы «Туризм инфрақұрылымы» пәнінің бағдарламасына сай құрастырылған. Оку құралында берілген семинарлық және практикалық жұмыстардың тапсырмалары студенттердің өздік жұмыстарын жасауға көмектеседі.

Оку құралы университеттер мен институттардың география және экономика факультеттеріндегі студенттерге, туризм саласында қызмет етегін мамандарға арналған.

ӘОЖ 911.388

ISBN 978-601-247-419-0

© Көшкімбаева Ү.Т., Ақтымбаева Ә.С., 2012
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2012

АЛФЫ СӨЗ

Туризм саласы экономиканы дамыту көздерінің бірі болып саналады. Қазақстан Республикасында туризмді дамыту үшін барлық қажетті мәдени, тарихи, географиялық және климаттық жағдайлар жеткілікті. Сонымен қатар бұл өз кезегінде транспорттық, инфрақұрылымдық, денсаулық сактау, сауда орындары қызметтерін жетілдіруді қажет етеді. Осылан байланысты Қазақстан Республикасының үкіметі ұзак мерзімді бағдарламасын қабылдады. 1993 жылы егемен Қазақстан Дүниежүзілік туристік ұйымына мүше болып, туризмді дамытудың алғашкы бағдарламасын жасаған болатын. Ал 1997-2003 жылдар аралығында Ұлы Жібек жолындағы тарихи орталықтарды қайта жанарту, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұраларын сактау және туристік инфрақұрылымдарды құру туралы мемлекеттік бағдарлама бекітілді.

Қазақстан – 2030 стратегиялық даму бағдарламасында да бұл саланың аса зор манызы бар екені атап көрсетілген. Тиімді және бәсекеге қабілетті туристік бизнесі және осы максатка сәйкес имиджді орнықтыру мақсатындағы 2003-2005 жылдарға арналған жоспарланған жоба табысты жүзеге асырылды.

Туризм Индустрія және сауда министрлігіндегі сауда және туризм комитетінің карауында. Қазіргі уақытта Комитет Ішкі істер министрлігі, Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, елімізге келуге қызығушылық танытатын адамдар үшін визалық процедураларды жөнілдету жоспарын әзірлеуде.